

А.Ж. Кемелбаева

ҚР Ұлттық музейі, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
(E-mail: aigul\_65-65@mail.ru)

## Кенесары қозғалысына байланысты киелі жерлер<sup>1</sup>

**Аңдатпа.** Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында ұлт жадының тұғырнамасы және жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты ретінде ұлттық кодты сақтай білу туралы нақты айтты: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алмаса, ол адасуға бастайды» [1].

Қазір мемлекеттік бағдарламаның аясында, «Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары» атты мәдени-тарихи зерттеу жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Ел мен жердің, ұлттық дүниетаным, діни болмыс, салт-сана, халықтың қаһармандық жолы, рухани өмірбаянын айқара ашатын бұл жоба мемлекеттік мүддені нығайтып, өткен мен болашақтың үйлесімі үшін аса қажет.

Мақаланың нысаны – Кенесары қозғалысына байланысты киелі жерлерге қатысты тарихи деректерді шолу арқылы елдік рух жолында өмірін қиған қаһарман тұлғаны тани түсу. Қасиет қонған тұлға арқылы елдік мүддені ұлықтау. Кенесары Қасымұлы – қазақтың соңғы ханы, ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. Патша үкіметінің 1822-1824 жылдары Орта жүз бен Кіші жүзде енгізген басқару ережелері қазақ ұлтының дәстүрлі басқару және құқық жүйесін жойып, оның орнына округтық және шекаралық орыс басқару мекемелерін ашты. Келімсектер қазақтың ең шұрайлы жерлерін тартып алып, қазақ даласының әр өңіріне әскери бекіністерін сала бастады. Отарлаушылық езгіге, бөтенге бағынышты бодандыққа қарсы көтеріліп, Тәуелсіздікті аңсаған Кенесары сұлтан жүріп өткен жерлер Қазақстанның көп өңірлерін қамтиды. Тарихи жадын ұмытпаған халықтардың өміршеңдігі заңды құбылыс.

**Түйін сөздер:** тәуелсіздік, ұлт-азаттық қозғалыс, Кенесары, аруақ, киелі жерлер.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-133-4-16-23>

Түсті: 03.11.20 / Қайта түзетілді: 26.11.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 04.12.20

Ұлт-азаттық көтеріліс батырлары кесенелері көшпелі өткен заманда бір шетінен бір шетіне айшылық жер жүріп баратын кең даланың әр жерінде шашырай орналасқан. Әр өлкенің ел-жұртының қамы үшін басын қатерге тіккен өз қаһармандары бар. Олар өмірден озғанымен аты мен даңқы, ерлік істері ұмытылмастан келер ұрпақтардың көкейінде ұялап қала бермек. Тарихи тұлғалардың аты өшпейді. Мұның астарында қазақ халқының аруақ культі жатыр. Баяғыда сүйегі қу-

рап қалған ата-баба культін, аруақты қастер тұтудың түп астары терең, әрі тылсым. Әсіре діншілдер айыптап, көзге шұқып жүргендей Жаратушы Ие бір Аллаға серік қосу күнәсі аруақты қадірлеуге түк қатысы жоқ. Мұның түп негізінде біздің халықтың атамекенді ауысып отыратын келер ұрпағына аманаттап қалдырудың асқан құпиясы жасырынған. Қазір жаһандану заманы үдеген сайын жер беті тарылып келе жатыр. Жер шарының экологиясына орасан зор нұқсан келген. Жер-су,

<sup>1</sup>Мақала «Қазақстанның заманауи мәдениетіндегі қасиетті кеңістік: дәстүр мен жаңашылдық» бағдарламасының жобасы аясында әзірленді.

орман-тоғай, таза ауа, таза су келешекте алтыннан да құнды боларын ғалымдар қазірдің өзінде болжап, дабыл қағуда.

Әруақ сыйлаудың мәні туған жерді қорғау екенін дала академигі, құрдымға жұтылып кетпес үшін ұлттың өміршеңдігін, сакральды ұғымдар арқылы берілетін жасампаз рухын сақтап, кейінгілерге жеткізген тұлға, этнограф Жағда Бабалықұлы жеріне жеткізе айтады. «Осыншама ұлан-байтақ жерді иеленіп, оны ұрпағына мирас ету – бабаларымыздың батырлығының ғана емес, әділдігінің, шыншылдығының арқасы» [2, 299 б.], «Қазақ – басына қаншама қиындық туса да, тұтас елі мен өзге жаққа қоныс аудармаған, үдере көшпеген халық. Ұлан-байтақ жерінің бір шетінен екінші шетіне қоныс теуіп жүре берген. Мұнда да мән бар. Өйткені оның қонысында ата-бабаларының, әке-шешелерінің, ағайын-туысының зираттары бар. Ол зираттарда сүйектері жатыр. Аруақты қастерлеген қазақ ата-бабасын жатқа қалдырып, жаңа жер іздемеген. Ұлан-байтақ жерді сақтап қалуда қазақтың аруақты қастерлегенінің де үлкен пайдасы бар. Егер қазақ қара басының ғана қамын ойлағанда Атырау мен Алтайдың, Алатау мен Арқаның, Алтай мен Сырдың аймағын қорғап қала алмас еді» [2, 306 б.], – жазады Қасымхан Бегманов «Этнографпен әңгіме» кітабында.

Жазушы Сәбит Мұқанов советтік цензурадан именіп жазғаны ма екен, әлде сол уақыттың атеистік көзқарасына бейімделу ме, аруақ туралы былай дейді: «Мыңдаған жылдар бойына жәрдемді мифологиядан, яғни ойдан жасаған тәңіріні таппақ болған адамзат, біраздан кейін ондай тәңіріні өз болмысынан, яғни, денесінен іздеген. Сондағы тапқаны аруақ» [3, 49 б.]. Расында бұл таным көпқұдайшылық дәуірдің үзігіне ұқсайтын сияқты. Қазақ халқының аруақ сыйлауы өткен мен бүгіннің сабақтастығын қолдайды.

Қазақстан Республикасының қазіргі мәдениет саясатын айқындаған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы – елдіктің асқақ тұғырын бекітуге арналған мемлекеттік ірі жоба. Еліміздің жалпыұлттық қасиетті нысандары елдік пен ерліктің өшпес бейнесін сипаттайды. Қос империяның арасында тұншыққан қазақ елін

жаңа дәуірге бастап, батыс моңғол тайпалары жоңғар басқыншылығын тойтарып, туған жерді ата жаумен жан алысып, жан берісіп қайтарған, 150 жылдан аса созылған қанды соғысты жеңіспен аяқтаған орта жүздің билеушісі Абылай хан болатын. Жан қиятын жекпе-жекке шығарда атасының аруағына сыйынып, «Абылайлап» атқа қонған Әбілмансұрдың өз аты қалып, Абылай атанғаны қазақ халқының жарық дүниеге тайсалмай қараған қаһармандық кезеңінің тарихта таңбаланған жұлдызды мезетіне айналды. «Қазақ хандығын нығайту мақсатын көздеген Абылай хан өз мақсатына жетті. Абылай ханның арқасында қазақ халқы өз тұтастығын, дәстүрлері мен тілін аман сақтап қалды. Сөйтіп, қазақ халқы еңсесін тіктеп, тарих сапарында жаңа белеске көтерілді, дамудың жаңа жолын таңдады», [4, 341 б.] – делінген «Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары» атты энциклопедиялық еңбекте.

Ұлт-азаттық күрес дәуірінің жаршысы Дулат Бабатайұлы Абылай заманын аңсап («Ата қоныс Арқадан») [5, 212 б.] былайша толғанды:

Арқаны оңай бермеді  
Ірге тепкен көп қалмақ.  
Ел шайқалып, ел қандап,  
Мал шабылып, жер шаңдап,  
Қымбат болды қазаққа  
Қалмақтан қайта жер алмақ.  
Ата қоныс Арқадан  
Қалмақтың таймай іргесі,  
Сөлі кетіп қазақтың,  
Қалған кезде сіргесі,  
Әбілмансұр хан болды:  
Хан болмады қазаққа,  
Ағарып атқан таң болды.

Хан Абылай азат дәуірдің жаршысы болса, заманы отарлаудың уыты күшеюімен тұспа-тұс келген оның немересі Кенесары қазақтың соңғы ханына айналды. Абылайдың перзенті Қасым ханның көкжал ұлы Кенесары сұлтан XVI ғасырда азаттық рухын атойлап өткен Доспанбет жыраудың төмендегі ұранын [6, 20-21 бб.] жүзеге асырды.

Ер Мамайдың алдында  
Шаһид кештім, өкінбен!...

...Бетегелі Сарыарқаның бойында  
Соғысып өлген өкінбес.

Абылай хан Сарыарқаның көрікті Көкшетау өңірін қоныстанғаны белгілі. Көкшетау жерінде Абылай хан әулетіне қатысты деректі жерлер көп. Оның атаға тартып арыстан туған немересі Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс батырларының кесенелері де осы өңірде. Қазақтың соңғы ханының аяғы тиген қасиетті жерлер қазір турист саяхатшылар жиі келетін орынға айналған. «Кенесары хан үңгірі Бурабай көлінен оңтүстік-батыста 0,5 км жерде, Ақмола облысының Бурабай ауданы жерінде орналасқан. Үңгір Көкшетау қыратының гранитті сілемінің үгілуінен пайда болған және ол аласа шоқының үстінде жатыр. Екі бөліктен тұратын үңгірге кіре берістігі қуыстың биіктігі 3 метрдей.

Патша үкіметінің 1822-1824 жылдары Орта жүз бен Кіші жүзде енгізген басқару ережелері қазақ ұлтының дәстүрлі басқару және құқық жүйесін жойып, оның орнына округтық және шекаралық орыс басқару мекемелерін ашты. Келімсектер қазақтың ең шұрайлы жерлерін тартып алып, оның әр өңіріне әскери бекіністерін сала бастады.

Ұлттық азаттықты аңсаған Кенесарының орыс бодандығына қарсы күресі 1837-1847 жылдары аралығында он жылға созылған» [4, 366 б.] – деп «Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары» атты кітапта көрсетілген.

Кенесары қозғалысы бүкіл қазақ даласын шарпыды, Арқадан Жетісуға ұласты. Ол Ақмола, Ортау, Ақтау бекіністеріне шабуыл жасаған. Орта жүздің рулары Кенесары қозғалысына тегіс қатысқан. Қорғалжында Кенесарының бес батыры жерленген. Қараөткел мазарында жатыр. Ұлт-азаттық қозғалысының көсемі Кенесары әскерімен Жетісу өлкесіне ойысып, Қырғыз Алатауында қырғыз манабы Орман адамдарының қолынан қазаға ұшыраған.

Мәскеулік аса беделді «ЖЗЛ»-«Тамаша адамдардың өмірі» сериясымен үш бірдей ғұмырбаяндық роман жариялаған белгілі жазушы Медеу Сәрсекенің қазақтың тұңғыш кәсіби тарихшысы Ермұқан Бекмахановтың тұлғасына арнаған кітабында Кенесарыға қа-

тысты мәліметтер мол кездеседі. «Ермұхан Бекмаханов» атты романның өзегін құраған басты идея – советтік идеология түтеп тұрған уақытта ұлттық идеалдарды қорғап, өз халқының азаттығы үшін жан берген Кенесары сұлтан тұлғасын тарихи лайықты тұғырына көтерді. Заманның ығына жығылып, Кенесарының ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі екенін мойындағысы келмей, оны қарақшы, кертартпа, қанішер, өз билігін орнату үшін соғысты деушілердің қарасы азаймағандықтан Ермұқан Бекмахановтың тарихи еңбегі бабасын ақтап алу ғана емес, тарихи әділдікті түгендеу болатын. Кенесары қозғалысын әуелі Әлихан Бөкейханов қозғап, Ташкенттен шығатын «Сана» журналында 1924 жылы жариялағанын, одан бұл тақырыпты Қошмұхамед (Қошке) Кемеңгеров жалғағанын Ермұқанға Халел Досмұхамедұлы құлаққағыс еткен. Аттай он жылға созылған қозғалысты патша үкіметі де, кейіннен Бекмахановтың тарихи монографиясына қарсы шыққан дұшпан пиғылды тарихшылар да кемсітуге, маңызын жоюға тырысқаны белгілі. «Кенесары Қасымов қозғалысының сипаты – халықтық емес, көтеріліс басшысы мұрагерлік құқын жоқтап, хан тағын иеленуді көкsep атқан қонған. Сол себепті оның бұзық мүддесін бұқара халықтың азаттық тілеген талабынан даралап талдау қажет...» [7, 117 б.]; «Мұрағат сөрелерінде жатқан бумалардан тарихшы XIX ғасырдың 20-40 жылдарында Сарыарқаның кіндік жоны ғана емес, қиян шеттегі Үстірт төскейін, Жайықтың бергі, Мұғалжар тауына дейінгі шалқар қоныстарды, тіпті, Алатау баурайындағы қалың елді дүрліктіріп, қайда барса да қазақ жұртының жайсаңы мен қасқасын ереуіл атқа ер салуға мәжбүр еткен, ең аяғында, қырғыз Алатауында мерт болған Кенесары хан бастаған алапат дүрбелеңнің бүге-шігесі жайында көптеген соны мағлұматтар тауып, қыруар олжаға қарқ болды», [7, 119-120 бб.] – отаршылдыққа қарсы Кенесары көтерілісі шарпыған, қазақ халқы үшін киелі жерлердің картасы жазушы Медеу Сәрсекенің жас Ермұқанның ғылыми нысанын зерттеу сәтін мәлімдейтін сөйлемдерінде тұнып тұрғаны анық. «Әбіш Жиреншин, айтыс хаттамасынан: ...Қазақ халқының еркін ел болып

өмір сүруден ешқашан бас тартпағаны тарихтан мәлім. Сол үшін де соңғы екі ғасырда ол арыстанша алысты: Сырым батыр мен Исатай көтерілістерін еске алыңыздар, саяси ахуал қиындап, ел тірлігі тарыла бастағанда бостандық туын көтеріп Кенесары Қасымов күреске шықты... Кенесарының есімі халық жадында аңызға айналып, көптеген толғау-дастандардың басты қаһарманы болғанын... оп-оңай тәрк еткен Толыбеков жолдас ешбір қымсынбай, оны «қарақшы», «жол торушы», «тағы бандит», «қара тобыр», «есуас Дон Кихот» деп небір дөрекі атаулармен сипаттады» [7, 225 б.], «...сөзінің соңында Мұсатай Ақынжанов мынадай тұжырым келтірген: 1. Кенесары қозғалысын феодалдық-монархиялық деп бағалау қажет, соған орай бүкіл кітапты қайыра қарап түзету керек. 2. Кенесарыны халық қаһарманы деп сипаттауға болмайды» [7, 235 б.], «Шекаралық күштердің бастығы Вишневскийдің рапорты бойынша, осы операцияға бастан-аяқ қатысқан 12 қырғыз манабы, ал қазақтардан 5 сұлтан мен билерге патша өкіметінің арнайы сый-сияпат беруі не үшін?» [7, 247 б.].

Бытыраңқы қазақты бір байрақтың астына жұмылдыруға, ерікті ел қылуға ұмтылған Кенесары ханды төмендетіп көрсету кеңестік идеологиялық таным еді. «Жеңілген халықтардың тарихын отаршылдар жазады» деген қағида рас болды. Заманы шындықты айтқызбасын іштей біле тұра Мұхтар Әуезов «Хан Кене» туралы драма, Илияс Есенберлин «Көшпенділер» трилогиясының үшінші кітабы «Қаһар» романын жазды. Кенесарының рухымен қосып елдік биігін жоқтаған тарихшы-ғалым Ермұхан Бекмахановтың ұлтына адалдығын, азаматтық ерлігін, тұлғалық образын суреттеген Медеу Сәрсекенің деректі романында дүниежүзілік тарихта отаршылдардан ақырып теңдік сұраған заманы бір, жас алшақтығы бар жоғы 5-6 жыл үш күрескердің қилы-қилы жазмышына назаланудың астарында үлкен ой жасырулы. «Тек бір ғана гәп Ермұхан тарихшының жүрегіне қанжар сұққандай әсер етіп, сірә, бұл да өмірдің әділетсіздігі дегенге сайып, көңілін қынжылтты: жігіттік шағын үнемі ат үстінде өткізіп, белінен қанжарын шешпей, ұрыс майданы-

ның алдыңғы шебінде болған ерлердің екеуі – таулық авар мен алжирлік араб 75 жасқа келіп, жауласқан елдің құрметті тұтқыны атанып, сый-сыяпатқа ие болып, көл-көсір зейнетақы алып, өз ажалынан қайтыс болған (Әбдел әл-Қадір өз қалауымен өмірінің күзін мұсылман елі Түркияда өткізген, Шәміл имам Калугада тұрып, қасиетті Меккеде опат болған). Ал қазақ батыры, тағдырдың тәлкегіне не шара, өз елінен де, жауласқан жұрттан да ешқандай опа көрмей, 45 жасында Қырғыз Алатауында жер жастанды. Мүрдесінің де қай сайда қалғаны осы күнге дейін беймәлім...» [7, 131 б.].

Кенесары сарбаздарының бастарын қырғыздар Қоқан ханына екі арбаға тиеп апарған екен. Кенесарының басын Омбыдағы орыс жандаралына қырғыз манаптары апарып бергізіп, медаль алғаны тарихи дерек. Хан Кененің басын қазақ әлі шарқ ұрып іздеп, таба алмай қиналып жүр. Эрмитаждан да, Кунсткамерадан да таппай жатыр. Бұл кесік баста мың өліп, мың тірілген біздің халықтың ата тарихы мен қанауға түскен уайым-қайғысы, езілген жүрегі, тапталған ар-намысы жатыр. Жоқ іздеудің бар мәнісі сонда.

Колонизация, отарлау үрдісі қайбір адамзатқа етене тән ұғым. Соның арқасында күн астында өркениеттер дамып жетіліп, алып империялар шалқып-шалықтап жасайды, мерзімі келсе тарих сахнасынан кетеді. Мұнда иллюзия мен утопияға орын жоқ. Ірі, әскери қуаты күшті мемлекеттердің мақсат-мүддесі өзінен әлсіз, саны аз халықтар мен тайпаларды жаулап алуға, қырып-жойып, жер-суын, байлығын иемденуге, еркін шектеуге, тірісін құл қылуға, кем, жабайы санап, менсінбеуге, құтын өшіріп, игілігін ұрлап, озбырлықпен басынуға негізделген. Әр ғасырда мұның формасы өзгерсе де, идеологиялық мазмұны өзгермейді. Адамзат өз болмысынан аспайды.

Орыстың ұлы жазушысы Лев Николаевич Толстой ақсүйектігі, ар-иманы, құдайшыл әділеттігі жар болып, туған отаны Ресей империясының отарлау саясатын әшкерелеген көркем туындылар жазды. Лев Толстойдың «Хаджи-Мурат» атты әйгілі повесінде ықпалы күшейе бастаған Ресей империясы Еуропа-

ның отарлаушы мемлекеттерінен қалыспай, маңайындағы көрші елдерді от қарудың күшімен жаулай бастаған алғашқы кезеңі суреттелген. Кавказдағы соғыста бытыраңқы таулықтардың басын қосып, отарлауға қарсы көтерілген имам Шамиль бұл соғысты қасиетті, ғазуат деп жариялаған. Шәміл мен Қажымұрат авар ұлтынан, бірақ екеуі тіл табыса алмады. Әмірі жүріп тұрған діни көсем Шәмілмен қастасқан ержүрек Қажымұраттың басын құмық Гаджи-Ага алды. «Он не двигался, но еще чувствовал. Когда первый подбегавший к нему Гаджи-Ага ударил его большим кинжалом по голове, ему казалось, что его молотком бьют по голове, и он не мог понять, кто это делает и зачем. Это было последнее его сознание связи с своим телом. Больше он уже ничего не чувствовал, и враги топтали и резали то, что не имело уже ничего общего с ним. Гаджи-Ага, наступив ногой на спину тела, с двух ударов отсек голову и осторожно, чтобы не запачкать в кровь чуваки, откатил ее ногою. Алая кровь хлынула из артерий шеи и черная из головы и залила траву» [8, 231 б.].

Қазақшаласа, Қажы-аға болар. Оның қасында Қажымұраттың жауының ұлы Ахмет-Хан болды. Құмықтар – қыпшақ тұқымынан. Дағыстан халықтарының басында тұрған билеуші адамдардың өзара дұрараздығын орыс офицерлері жақсы пайдаланды. Автор Николай патшаның да, имам Шәмілдің де портретін де боямсыз, шынайы берді. Екеуіне де іші жылымайды. Бірақ Толстойдың Қажымұратқа деген асқан құрметі және жанашырлығы айдай айқын. Ердің асыл басын бағалау бар. Әлем әдебиетінің көгіне шыққан классик орыс жазушысы граф Толстойдың көкейінде билік жүйесіне, монархқа жағыну немесе шовинистік пиғыл, псевдоұлтшылдық ырымға жоқ, тек реализмге адалдық, діні мен ұлты бөлек болса да өз кейіпкеріне сүйіспеншілік, жан тазалығы мен азаматтық биіктік бар.

Ермұқан Бекмахановтың жары Халима Адамбекқызы ерімен алғаш танысқанда дипломдық жұмысының тақырыбы Лев Толстойдың «Қажы-Мұрат» повесіндегі шығыс тілдерінен қолданылған сөздерді зерделеу

екенін айтады. Ол негізінен құмық сөздері, құмық тілі мен қазақ тілі бір-біріне өте ұқсас.

Хан Кене және оның інісі Наурызбай батырдың күрделі өлімі қырғыздарға да, қазақтарға да әлі күнге шейін маза бермей келе жатқаны аян. Бұл - қазақтың жадынан өшпейтін факт. Кенесарымен жауласып, қазақ ханының басын Омбыға орыстың генерал-губернаторына әскери олжа ретінде байлап жіберген қырғыздың сарыбағыш руынан шыққан Орман еліне манап сайланған соң аң терісімен жиектелген қызыл бөркін өзінен басқа адамның киюіне тыйым салған көрінеді. Билік тойымсыздығының жанды деталі осы болса керек.

Дербес Қазақстан тәуелсіздігін алған соң артық туған ерлерін алтын тұғырына орнатуды мақсат тұтуы – заңды құбылыс. Бұл – кез келген халықтың жер бетінде өмір сүруге құқығы, әрі өзін-өзі сыйлауы.

Өлкетанушы Клара Әмірқызының «Ауылым – атамекенім» атты кітабында Кенесарыға байланысты архивтік деректерге сараптау жүргізді.

«Отзыв шайки Кенесары есть Аблай, имя его предка родоначальника хана Средней орды. Лошади под этим отрядом отборные и превосходны во всех отношениях. В набеггах или отступлениях у каждого всадника по две лошади для перемены. Это как бы организованная масса служит основанием всем скопищам. К ней присоединяются толпы, и Кенесары, изучивший вполне образ действий русских отрядов, с отличным искусством употребляет их в дело. Его всадники преданы до отчаяния»; «Ими рассеиваются семена вражды к России, толкуются в дурную сторону все меры правительства и к сожалению, все это делается на главных путях торговли нашей с Бухарой»; «...Манап Урман, предводительствовавший в 1845 г. ополчением дикокаменных киргиз против Кенесары Касимова и удостоенный всемилоостивейшей наградой золотой медалью за истребление сего мятежника, считает себя поданным и, неоспоримо, что без его действия и исполненный им над Кенесарой казни дела наши тогда могли взять другой: менее выгодной для нас оборот. Урман, зная какую оказал нашему правительству услугу, ожидает в настоящее время себе наград

в исполнение просьбы об отдаче ему во всег-  
дашнее владение кочевых, мест на Залийской  
долине»,...ником не занятых, как Ваше пре-  
восходительство усмотрите из прилагаемого  
прошения его на высочайшее имя. [1852 г. мая  
11. «Письмо западно-сибирского генерал-гу-  
бернатора в Азиатский департамент МИД о  
домогательстве крупного киргизского Манапа  
Урмана Ниязбекова на земли казахов старше-  
го жуза за оказанные услуги в поимке султана  
К.Касымова, док. 245. («Каз.русс. отнош.» 18-19  
века» А.А. «Наука» 1964 г.)]

Отарлаған елді алаңсыз билеу үшін, ал-  
дымен, сол елдің ақылды, батыл, қайратты  
адамдарын құртып отыру патша ұлықтары-

ның тәсіліне айналғанын тарих дәлелдеп ке-  
леді» [9, 28-30 бб.], «Айта кететін дерек орта  
жүз аймағында Кенесарының соңына ермеген  
әулет кемде-кем болған көрінеді. Елдің есінде,  
1845 жылдар шамасында бүкіл ауылдар Ке-  
несарының соңынан еріп кетіп, Есіл бойы аз  
ғана жыл бос қалыпты. Кейін басшыларынан  
айырылып тоз-тоз болған елдің қалғандары  
біртіндеп ата қоныстарына орала бастайды»  
[9, 56 б.].

Кенесарының қозғалысына байланысты  
киелі жерлер қазақтың әр пұшпағы десе бо-  
лар, өйткені оның жасағына Сыр бойынан да,  
Жетісудан да, Арқадан да еріктілер келіп қо-  
сылып отырған.

### Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру// «Егемен Қазақстан» газеті, 12.04.2017.
2. Бегманов Қ. Этнографпен әңгіме. – Алматы: Дәстүр, 2010. -306 б.
3. Мұқанов С. Қазақ қауымы. – Алматы: Ана тілі, 1995. - 304 б.
4. Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары. – Астана: Фолиант, 2017. - 496 б.
5. Бабатайұлы Д. Нар заман мен зар заман поэзиясы. Жыр-толғаулар. -Алматы: Раритет, 2007. - 212 б.
6. Доспанбет жырау. Нар заман мен зар заман поэзиясы. Жыр-толғаулар. - Алматы: Раритет, 2007. – 375 б.
7. Сәрсек М. Ермұқан Бекмаханов. – Астана: Фолиант, 2010. - 646 б.
8. Толстой Л.Н. Хаджи-Мурат. – Москва: Clever, 2015. – 240 с.
9. Әмірқызы К. Ауылым – атамекенім. - Ақмола: Ақмола облыстық АҚҚҰС серіктестігі, 1993. -305 б.

### References

1. Nazarbayev N.A. Bolashakka bagdar: ruhani jangyru [The course towards future: Modernization of public consciousness], «Egemen Kazakstan» gazeti [Newspaper], 12.04.2017. [in Kazakh]
2. Begmanov K. Etnografpen angime [Conversation with an ethnographer] (Dastur, Almaty, 2010, 306 p.). [in Kazakh]
3. Mukanov S. Kazak kauymy [Kazakh community] (Ana tili, Almaty, 1995. 304 p.). [in Russian]
4. Kazakstannyn jalpyulttyk kasietti nysandary [National sacred objects of Kazakhstan] (Foliant, Astana, 2017, 496 p.). [in Kazakh]
5. Babatayuly D. Nar zaman men zar zaman poeziyasy [Poetry years] (Raritet, Almaty, 2007, 212 p.). [in Kazakh]
6. Dospanbet zhyrau. Nar zaman men zar zaman poeziyasy [Poetry years] (Almaty, Raritet, 2007, 375 p.). [in Kazakh]
7. Sarseke M. Ermukan Bekmakhanov. (Astana, Foliant, 2010, 646 p.). [in Kazakh]
8. Tolstoy L.N. Khadzhi-Murat. (Moscow, Clever, 2015, 240 p.). [in Russian]
9. Amirkyzy K. Auylym – atamekenim [My village is my Motherland] (Akmola, Akmola oblystyky AKKUS seriktestigi, 1993, 305 p.). [in Kazakh]

**А.Ж. Кемелбаева**

*Национальный музей РК, Нур-Султан, Казахстан*

### **Сакральные места, связанные с освободительным движением Кенесары**

**Аннотация.** В программной статье Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы Н.А. Назарбаева от 12 апреля 2017 года «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» отмечено, что «первое условие модернизации нового типа – это сохранение своей культуры, собственного национального кода. Без этого модернизация превратится в пустой звук». И это верно!

В рамках данной Государственной программы создан проект «Духовные святыни Казахстана» («Сакральная география»), в который вошли особо почитаемые памятники природного наследия. В его рамках регулярно ведутся культурно-исторические исследования общенациональных сакральных объектов страны.

В проекте кроется ядро укрепления государственного интереса, гармонизирующее прошлое с будущим. Он демонстрирует героический путь казахского народа, его этнологию, религию, мировоззрение, духовные ценности. Это закономерно, потому что только жизнеспособные народы свято чтут свою историю и национальных героев.

Объектом статьи являются сакральные места, связанные с национально-освободительным движением Кенесары. Рассматриваются исторические данные и, через их призму, – возможности и желание глубже узнавать героизм вождя казахского народа, восставшего против Российской империи за независимость своей страны.

Кенесары Касымов – последний казахский хан, протестовавший против колониальной политики царизма. Реформа 1822-1824 годов – ликвидация традиционной ханской власти в степи и создание административно-территориальных единиц, введение новой системы управления – подразумевала полное унижение и гнет казахского народа. Восстание хана Кенесары длилось 10 лет, оно коснулось многих, если не всех, регионов Казахстана.

**Ключевые слова:** независимость, национально-освободительное движение, Кенесары, культ аруаха, сакральные места.

**A. Kemelbayeva**

*National Museum of the Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### **Sacred places associated with the Kenesary's National Liberation Movement**

**Abstract.** In the programme line of the First President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev dated April 12, 2017 «Look into the future: modernization of public consciousness» noted that the first condition for a new type of modernization is the preservation of one's culture, one's own national code. He believes that without it modernization will turn into an empty phrase. And it is indeed true!

Within the framework of this state programme, the project “Spiritual Shrines of Kazakhstan” (“Sacred Geography”) was created, which included the most revered monuments of natural heritage. Within its framework, cultural-historical research of the country's national sacred objects is conducted regularly.

The project aimed to strengthen the public interest, harmonizing the past with the future. It demonstrates the heroic path of the Kazakh people, their ethnology, religion, worldview and spiritual values. It is logical, because only viable nations sacredly honor their history and their national heroes.

The objects of the article are sacred places related to the Kenesary's National Liberation Movement. Historical data are considered, and through their prism possibilities and desire to learn deeper the heroism of the leader of the Kazakh people, who rebelled against the Russian Empire for the independence of his country, are opened.

Kenesary Kasymov is the last Kazakh khan who has protested against the colonial policy of tsarism. The reform of 1822-1824, which was the elimination of the traditional khan's power in the steppe, creation of administrative-territorial units and the introduction of a new management system, was in fact bringing complete impoverishment and oppression to the Kazakh people. The uprising of Khan Kenesary lasted 10 years, it affected many, if not all, regions of Kazakhstan.

**Keywords:** independence, National Liberation Movement, Kenesary, cult of aruach, sacred places.

**Автор жайлы мәлімет:**

*Кемелбаева Айгүл* – Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, мұратанушы, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

*Kemelbayeva Aigul* – Member of the Union of Writers of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, Kazakhstan.